Серуен	**Серуен картотекасы №6** **Мұзды бақылау** **Мақсаты:** Мұздың қасиеттерін зерттеу. **Бақылау барысы:** Балаларға мұздың үстін ұстап, оның қатты және суық екенін сезіндіру. Мұздың қалай пайда болатынын түсіндіру (су қатып, мұзға айналады). Мұздың сырғанақ екенін тәжірибе арқылы көрсету. **"Қар астындағы**	**Серуен картотекасы№7** **Қардың астындағы өсімдіктерді бақылау** **Мақсаты:** Қардың астында өсімдіктердің сақталатынын түсіндіру. **Бақылау барысы:** Қарды тазалап, жердің астындағы шөптерді немесе кішкентай бұталарды қарап көру. Қар өсімдіктерді суықтан қорғап, "жамылғы" қызметін атқаратынын түсіндіру. **"Қардан кім тезірек қар лақтырады?"** **Мақсаты: Балалардың дене**		**Серуен картотекасы№9.** **Желді бақылау** **Мақсаты:** Желдің табиғаттағы рөлін түсіндіру. **Бақылау барысы:** Желді сезіну үшін балаларды сыртта жүгірту. Желдің қарды ұшырып, ағаштардың бұтақтарын қозғалтуын бақылау. Желдің күші қатты ма, әлде жай ма екенін талқылау. **"Қар ұясына секіру"** **Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін дамыту,**	**Серуен картотекасы№10** **Қысқы жануарларды бақылау (іздері арқылы)** **Мақсаты:** Қыс мезгілінде жануарлардың тіршілігін байқау. **Бақылау барысы:** Қар үстіндегі іздерді табу (құстардың, иттің, қоянның). Балалардан іздердің кімге тиесілі екенін болжауды сұрау. **"Қардан кім тезірек қар лақтырады?"** **Мақсаты: Балалардың дене шынықтыру қабілеттерін дамыту,**

	қазына" **Мақсаты:** Зейінді және ізденімпаздықты дамыту. **Ойын барысы:** Балаларға қардың астына жасырылған ойыншықтар немесе табиғи заттарды (мысалы, бұтақ, тас, шишка) табу тапсырмасы беріледі. Тәрбиеші әр зат туралы жұмбақ айтып, оны табуды сұрайды. Мысалы: "Дөңгелек, бірақ тәтті емес. Қардың астынан тауып көр!" **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)**	**шынықтыру қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу.** **Ойынның барысы:** Балаларға қарды қолмен немесе күрекшемен алып, белгілі бір межеге (жалауша немесе белгіленген сызық) лақтыру ұсынылады. Кімнің қарды алысқа лақтырғаны немесе белгіге дәл тигізгені бағаланады. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту**		**үйлесімділік пен шапшаңдықты арттыру.** **Ойынның барысы:** Балаларға қарда бірнеше шеңбер (ұя) салу ұсынылады. Балалар бір шеңберден екіншісіне секіріп өтуі керек. Ойынның қиындығын арттыру үшін шеңберлерді бір-бірінен алшақ орналастыруға болады. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту**	**шапшаңдыққа баулу.** **Ойынның барысы:** Балаларға қарды қолмен немесе күрекшемен алып, белгілі бір межеге (жалауша немесе белгіленген сызық) лақтыру ұсынылады. Кімнің қарды алысқа лақтырғаны немесе белгіге дәл тигізгені бағаланады. **(Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту**
Серуеннен оралу	Балаларды сырттан кіргенде қауіпсізді сақтап реттілікпен кіруге дағдыландыру, сырт киімдерін шешіп ,ілуіне көмек көрсету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Сырттан бөлмеге кіргенде реттілікпен қолдарын сабын қолданып жуу қажет екенін ескертіп, жууға көмек беру. **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**		Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу
Кешкі Ас	Балаларды үстелде түзу отыруын қамтамасыз ету, ас ішкенде артықіс-әрекеткеттер жасауға болмайтынын түсіндіру **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті**	Балаларды үстелде дұрыс отыруын бақылау, берілген асты ұқыптылықпен ішуін түсіндіру. **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**		Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

	қалыптастыру)			**мәдениетті қалыптастыру)**	
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Қимылдық ұлттық ойын** **Мақсаты:** Дене шынықтыруды дамыту, ұлттық дәстүрлермен таныстыру. **Ойындар:** **"Арқан тартыс"** Балалар екі топқа бөлініп, арқан тартады. Ойын ұйымшылдық пен күшті қажет етеді. **Ұлттық ойындар** **"Қыз қуу"** **Мақсаты:** Ұлттық дәстүрді таныстыру, жылдамдық пен қимылдық дағдыларды дамыту. **Ойын барысы:** Бір бала – «қыз», екіншісі – «жігіт». Қалған балалар алаңды қоршап тұрады. Қыз бен жігіт белгі бойынша бір-бірін қуалайды. Егер жігіт қызды ұстаса, ол «жеңімпаз» атанады. Рөлдер ауысып отырады. **Ұлттық мәдениет**	**Қауіпсіздік ойындары** **"Төтенше жағдайлар"** **Мақсаты:** Балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру (өрт, су, көшедегі қауіптер). **Ойын барысы:** Балаларға түрлі сценарийлер ұсынылады: «Өрт шықты, не істейміз?» «Суға батып жатқан адамды көрсең, не істеу керек?» Балалар дұрыс шешімдерді тауып, әрекет етеді: мысалы, 101 немесе 112-ге хабарласу, ересек адамнан көмек сұрау. **Қауіпсіздік дағдыларын дамыту**		**Тәжірибелік ойындар** **"Жылу ма, суық па?"** **Мақсаты:** Балаларды заттардың қасиеттерін анықтауға үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға екі стакан су беріледі (біреуі жылы, біреуі суық). Олар қолдарын салып, су температурасының айырмашылығын сезінеді. Балалар өз ойларын айтып, қорытынды жасайды. **Зерттеушілік дағдыларды дамыту**	**Бейнелеу өнері** **Мақсаты:** Баланың қиялын, шығармашылық қабілеттерін және қол моторикасын дамыту. **Іс-әрекеттер:** **Сурет салу:** Тақырыптық суреттер ("Қысқы табиғат", "Менің отбасым").
Балалардыңүйгекайтуы	Балалардан ертеңгі күнге қандай іспен айналысқысы келетінін сұрау.	Ата-аналарға балалардың бүгінгі белсенділігі туралы айту		.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Қаңтар 2-апта
Мад 5-жас
Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі: «Тәртіп - тәрбие бастауы»

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **12.01.2026**	**Сейсенбі** **13.01.2026**	**Сәрсенбі** **14.01.2026**	**Бейсенбі** **15.01.2026**	**Жұма** **16.01.2026**
Балаларды қабылдау	Балаға «Бүгін сені қандай қызық күтіп тұр!» деп ынталандыру. Баланы топқа еркін кіргізу, басқа балаларға қосу. **Медбике тексеруі** **ҚР әнұранын орындау**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**"Табиғатты қорғау" Зерттеу іс-әрекеті:** **Тақырыбы:** Қоқысты дұрыс жинау және сұрыптау **Мақсаты:** Балаларды қоқысты дұрыс жинауға және экологиялық таза болуға үйрету. **Іс-әрекет:** Балаларға түрлі қоқыс түрлерін (қағаз, пластик, шыны, металл) көрсету. Әр қоқыс түріне арналған арнайы контейнерлерді таныстыру. Қоқысты сұрыптап жинау тәжірибесін ұйымдастыру. Цифрлық сауаттылықтың бастапқы түсінігін қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** телефон, планшет, теледидардың не үшін қолданылатынын түсіндіру. Балалар цифрлық құралдарды ересектер рұқсатымен және уақытпен қолдану керектігін үйренеді	**Ұлттық құндылық негізінде** үлкенді сыйлау, сәлем беру туралы әңгіме жүргізу. Балалар сахналық жағдаятта үлкенге жол беру, сәлемдесу әрекеттерін көрсетеді **Нәтиже:** Балалар ұлттық құндылықтарды таниды және қолданады **Қаржылық сауаттылық – ақша** **Іс-әрекет:** Жасанды ақша беріп, ойыншық сатып алу ойыны. **Ұлттық құндылық:** «Еңбек – байлықтың кілті».мақалын қайталату	Адалдық әдіппесі негізінде Тақырыбы: «Әділ болу – адал болу» **Міндеті:** Адалдық, әділдік ұғымдарын түсіндіру. **Іс-әрекет:** «Шындық пен өтірік» атты мысал тыңдау және талқылау. **Ойын барысы:** «Шыншыл бала» – балалар шынайы және жалған әрекеттерді ажыратады. **Нәтиже:** Балалар адалдықтың маңызын түсінеді.	**Қауіпсіздік іс-әрекеті:** **Тақырыбы:** Су қауіпсіздігі **Мақсаты:** Балаларды суда қауіпсіз болуға үйрету. **Іс-әрекет:** Суық сумен ойын барысында қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. "Суық су – суық дене" тақырыбында қысқы су қауіпсіздігі туралы әңгіме.	**Өрт қауіпсіздігі** Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.
Таңертенгіжаттығу	**Жаттығу кешені:** 6 **«Зырылдауық»** **Мақсаты:** Тепе-теңдік пен дене бақылауын дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар	**Жаттығу кешені:**№7 **«Қоян сияқты секіру»** **Мақсаты:** Секіру қимылдарын және аяқ бұлшық еттерін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар	**Жаттығу кешені:** №8 **«Жаңбыр жауып тұр»** **Мақсаты:** Баланың қол, иық және бел бұлшық еттерін икемділігін арттыру.	**Жаттығу кешені:** №9 **Поезд»** **Мақсаты:** Баланың аяқ пен қол координациясын дамыту, жалпы қозғалыс белсенділігін арттыру.	**Жаттығу кешені:** №10 **«Кішкентай роботтар»** **Мақсаты:** Баланың моторикасын және қозғалыс дәлдігін жақсарту.

	бір орындарында қолдарын екі жаққа созып, айналады. Айналғаннан кейін олар түзу тұруға және тепе-теңдікті сақтауға тырысады.	бірге қосылып секіреді, «қоян сияқты» кіші секірістермен алға жылжиды. Бұл жаттығу аяқтың иілгіштігі мен координациясын жақсартады.	**Өткізу тәсілі:** Балалар алақандарымен «жаңбыр жауғандай» жеңіл қимылдар жасайды, еденге еңкейіп, алақандарымен еденді жеңіл соғады.	**Өткізу тәсілі:** Балалар бір-бірінің белінен ұстап, тізбектеліп, «поезд» сияқты қозғалады. Қозғалысты басқару үшін тәрбиеші әртүрлі бағытта жүріп, пойыздың бағытын өзгертеді. Балаларға бұрылып, қадамдарын реттеуге көмектеседі	**Өткізу тәсілі:** Балалар «кіші робот» ретінде қолдары мен аяқтарын бұрыштармен бүгіп, қатаң қозғалыс жасайды. Әр қозғалыс нақты және баяу болуы тиіс, бұл жаттығу арқылы олар денелерін жақсырақ сезінуді үйренеді.
Таңғыас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу, ас ішкенде дұрыс отыру қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету, тамақты ұқыпты ішу, дұрыс отыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Қолдарын сабындап, көбікті үрлейді. Қасықты тәрелкеге салады. Ыстық тағамды үрлеп суытады. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
ҰІӘ дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Таза әрі анық сөйлейміз **Міндеті:** Дикцияны дамыту **Іс-әрекет барысы:** Жаңылтпаштар мен қысқа тақпақтар айтқызу ұйымдастырылады. Әр сөзді анық айтуға, дыбыстарды дұрыс дыбыстауға көңіл бөлінеді **Нәтиже:** Балалар сөздерді анық айтады **Музыка** **Тақырыбы:** Сұрақ пен жауап биі **Міндеті:** Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру **Іс-әрекет барысы:** Музыка қосылады. Музыка тоқтағанда тәрбиеші сұрақ қояды. Бала сұраққа жай сөйлеммен жауап беріп, қимылмен көрсетеді **Нәтиже:** Балалар сұраққа толық жауап береді **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөздердің реті **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздердің ретін анықтауға үйрету	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Дәл секіру **Міндеті:** 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсу дағдысын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Балалар белгіленген шұңқырға секіреді. Алдымен тәрбиеші секіруді көрсетеді, кейін балалар жеке-жеке орындап шығады. Қауіпсіздік ережелері сақталады **Нәтиже:** Балалар белгіленген жерге дәл секіріп түсе алады **Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Сөзді орнымен қолдан **Міндеті:** Сөздік қорды мағынасына сәйкес қолдануға үйрету **Іс-әрекет барысы:** Тәрбиеші сөздер мен жағдаяттар ұсынады. Балалар сөзді мағынасына сай таңдап, сөйлем ішінде қолданады. Артық немесе сәйкес емес сөзді табу тапсырмалары орындалады **Нәтиже:** Балалар сөздерді мағынасына сай қолданады **Математика негізі** **Тақырыбы:** Ойлан және шеш **Міндеті:**	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Шаңғымен танысу **Міндеті:** Балаларды шаңғымен жүрудің бастапқы элементтерімен таныстыру **Іс-әрекет барысы:** Балалар шаңғымен жүруге арналған бастапқы қалыпты үйренеді. Қозғалысты дұрыс бастауға көңіл бөлінеді. Қарапайым қимылдар ойын түрінде орындалады **Нәтиже:** Балалар шаңғымен жүрудің бастапқы қимылдарын меңгереді **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Көңіл күйді көрсет **Міндеті:** Кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін мимика және қимыл арқылы жеткізуге үйрету **Іс-әрекет барысы:** «Айна» ойыны ұйымдастырылады. Бір бала кейіпкердің көңіл күйін көрсетеді, қалған балалар қайталайды. Қуану, ренжу, таңдану сияқты эмоциялармен жұмыс жүргізіледі **Нәтиже:** Балалар эмоцияны мимика және қимылмен көрсете алады	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Жүгіру және доппен жұмыс **Міндеті:** Қысқа адыммен, бірқалыпты ырғақпен жүгіру және фитболды еркін домалату дағдыларын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Балалар шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен жүгіреді. Кейін еркін бағытта фитболдарды домалатады. Қимылдар біртіндеп күрделендіріледі **Нәтиже:** Балалар жүгіру ырғағын сақтап, допты еркін домалата алады **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Сөйлеп көрейік **Міндеті:** Интонацияны өзгертіп, кейіпкер сөзін мәнерлі айтуға үйрету **Іс-әрекет барысы:** «Дауыс қалай өзгереді?» ойыны. Бір сөйлем әртүрлі интонациямен айтылады. Балалар кейіпкерге сай дауыс ырғағын таңдап, сөзді қайталайды **Нәтиже:** Балалар интонацияны өзгертіп сөйлей алады	**Музыка** **Тақырыбы:** Тіл жаттығуы әнмен **Міндеті:** Артикуляциялық мотрикаңы дамыту **Іс-әрекет барысы:** Әуенмен тілге, ерінге арналған жаттығулар орындалады. «Айна» ойыны арқылы балалар қимылды музыка ырғағымен қайталайды **Нәтиже:** Балалардың артикуляциялық қимылдары дамиды **Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Сөйлеу әдебі **Міндеті:** Жай және жайылма сөйлемдерді қолдану, сөйлеу әдебін қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** Балалар сыпайы сөздерді қолданып сөйлейді. Жай сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыру тапсырмалары орындалады. Диалог арқылы дұрыс сөйлеу үлгілері бекітіледі **Нәтиже:** Балалар сөйлеу әдебін сақтап, жай және жайылма сөйлемдерді қолданады **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:**

	Іс-әрекет барысы: Сөздер аралас ретпен беріледі. Балалар оларды дұрыс ретке келтіріп, сөйлем құрайды. Қай сөз бірінші, қайсысы кейін тұрғаны анықталады **Нәтиже:** Балалар сөйлемдегі сөздердің ретін сақтайды **Математика негізі** **Тақырыбы:** Заттарды салыстырамыз **Міндеті:** Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыра білуге үйрету **Іс-әрекет барысы:** Балалар заттарды түсі, пішіні, өлшемі, материалы және қолданылуы бойынша салыстырады. «Ұқсас – айырмашылығы бар» тапсырмалары орындалады. Өз ойларын толық сөйлеммен айтуға бағыт беріледі **Нәтиже:** Балалар заттарды бірнеше белгісі бойынша салыстыра алады	Геометриялық фигуралар арқылы ойлау мен танымдық-зерттеушілік қызығушылықты дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балаларға геометриялық фигуралар ұсынылады. «Не істеу керек?», «Қалай істеу керек?» сұрақтары арқылы тапсырмалар шешіледі. Фигуралардан бейне құрастыру ұйымдастырылады **Нәтиже:** Балалар тапсырманы ойланып орындап, шешім қабылдай алады **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы:** Менің Отаным – Қазақстан **Міндеті:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие беру, Қазақстанның мұрасымен таныстыру **Іс-әрекет барысы:** Қазақстанның көрнекі жерлері мен мәдени мұралары туралы әңгіме жүргізіледі. Балалар суреттерді қарап, өз ойларын айтады **Нәтиже:** Балалар Отанға деген құрмет сезімін білдіреді	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөйлемде неше сөз бар **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздердің санын анықтауға үйрету **Іс-әрекет барысы:** Балалар сөйлемді тыңдап, әр сөзді санайды. Сөз саны саусақпен немесе фишка арқылы белгіленеді **Нәтиже:** Балалар сөйлемдегі сөздердің санын анықтай алады **Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Дұрыс тыныс аламыз **Міндеті:** Сөйлеу кезіндегі тыныс алуды дамыту **Іс-әрекет барысы:** «Жел соқты» ойыны. Балалар тыныс алып, мамықты немесе қағазды үрлеу арқылы қозғалтады. Кейін қысқа сөйлемді бір тыныспен айтуға жаттығады **Нәтиже:** Балалар тынысты дұрыс қолдануға үйренеді	**Математика негізі** **Тақырыбы:** Бағыт және уақыт **Міндеті:** Кеңістікті және уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** Балалар берілген бағытта қозғалып, белгі бойынша бағытты өзгертеді. «Кеше – бүгін – ертең», «алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек» ұғымдары күнделікті оқиғалармен байланыстырылады **Нәтиже:** Балалар кеңістікті және уақытты бағдарлап, оқиғалардың ретін анықтай алады **Қоршаған әлеммен таныстыру** **Тақырыбы:** Жолда жүру ережелері **Міндеті:** Жол қозғалысы ережелерімен таныстыруды жалғастыру, «Метро аялдамасы» жол белгісін тану **Іс-әрекет барысы:** Жол белгілерінің макеттері көрсетіледі. «Жол сақшысы» ойыны арқылы жолда өзін дұрыс ұстау ережелері бекітіледі **Нәтиже:** Балалар жол белгілерін	Сөйлем құрастырамыз **Міндеті:** Берілген сөзге сөйлем құрастыруға үйрету **Іс-әрекет барысы:** Тәрбиеші бір сөз ұсынады. Балалар сол сөзді қатыстырып жай сөйлем құрастырады. Сөйлемдегі сөздердің реті мен саны қайта талданады **Нәтиже:** Балалар берілген сөзге жай сөйлем құрастыра алады **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру,Құрастыру (Кіріктірілген)** **Тақырыбы:** Біздің балабақша **Міндеті:** Қоршаған өмірдегі оқиғаларды бейнелеу, кеңістіктік қатынастарды жеткізу **Іс-әрекет барысы:** **Құрастыру:** Балабақша ғимаратын және ауласын бірлесіп құрастыру **Сурет салу:** Балабақшадағы күнделікті өмірді бейнелеу **Мүсіндеу:** Балалар мен тәрбиешілердің бейнелерін мүсіндеу **Жапсыру:** Қағаз бен мата элементтерін қолданып композиция жасау **Нәтиже:** Балалар қоршаған ортадағы оқиғаларды

				таниды	бейнелей алады
2-ші таңғы ас	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. : Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы.:Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенгедайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.

Серуен	**Серуен картотекасы№11** **"Қарды зерттейміз"** **Бақылау:** Қарды қолмен ұстап, қандай екенін сипаттау (жұмсақ, салқын, жеңіл). Қардың суға айналуын бақылау. **Қимылды ойын:** **"Қар жинау жарысы":** Белгілі бір уақыт ішінде кім көп қар жинайды. **"Тайып кетпе!":** Балалар мұзды жолда тепе-теңдікті сақтап жүруді үйренеді. **Ұлттық ойын:** **"Кім епті?":** Белгіленген жерден қарды белгілі бір қашықтыққа дәл лақтыру. **Еңбекке баулу:** Балалар серуен алаңындағы қар басқан орындықтарды тазалайды. **Дербес әрекет:** Балалар қардан өздерінің ойлаған мүсіндерін жасайды. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру,	**Серуен картотекасы №12** **"Қыстың көріністері"** **Бақылау:** Ағаш бұтақтарындағы қар мен мұздың ерекшеліктерін байқау. Қыс мезгіліне тән дыбыстарды тыңдау (қардың сытырлауы). **Қимылды ойын:** **"Қарды домалат":** Балалар қардан үлкен доп домалатады. **"Шаңғышылар жарысы":** Белгіленген жерге дейін шаңғыда сырғанау. **Ұлттық ойын:** **"Арқан тарту":** Екі топ бір-бірін қар үстінде арқан тартып сынайды. **Еңбекке баулу:** Қардан жасалған жолды мұздан тазалау. **Дербес әрекет:** Балалар қармен сурет салып, оның түр-түсін өзара талқылайды. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру Ұсақ мотериканы дамыту, шығармашылық дағды	**Серуен картотекасы №13** **"Табиғатты тыңдаймыз"** **Бақылау:** Желдің бағытын, дауысын тыңдау. Қарға немесе мұзға түскен күн сәулесін бақылау. **Қимылды ойын:"Қар үстіндегі із":** Балалар қарға ерекше іздер қалдырады. **"Қарлы кесекпен жарыс":** Кім тез әрі тура бағытта қарлы кесекті домалата алады. **Ұлттық ойын:** **"Тақия тастамақ":** Қар үстінде топтық ойын. **Еңбекке баулу:** Аулада қарды балалар күректерімен тазалау. **Дербес әрекет:** Балалар өз қалаулары бойынша қармен ойнайды немесе оны қалыптарға салып пішіндер жасайды. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік жұмыс, шығармашылық дағды	**Серуен картотекасы №14** **"Қардың түсуі"** **Бақылау:** Қар жауған кезде қардың түрін, түсу жылдамдығын бақылау. Қардың әртүрлі болатынын (ірі, майда, жұмсақ) түсіндіру. **Қимылды ойын:** **"Қардан лабиринт":** Балалар дайындалған қар жолымен жүреді. **"Аққаланы қорға":** Топтар кезекпен аққаланы қардан қорғайды. **Ұлттық ойын:** **"Кім жылдам?":** Белгіленген қарлы кесектерді жинап әкелу. **Еңбекке баулу:** Серуен алаңындағы кішкентай сырғанақты тазалау. **Дербес әрекет:** Балалар қардан шағын фигуралар жасап, өзара бөліседі. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік жұмыс , танымдық дағды	**Серуен картотекасы №15** **"Табиғат құбылыстары"** **Бақылау:** Аспанды бақылау (бұлтты немесе ашық). "Неге қар жауады?" деген сұраққа тәжірибе жасау (қар мен судың айналымы). **Қимылды ойын:** **"Кімнің ізі?"** Балалар қар үстіндегі іздерді қайталап түсіреді. **"Қар құлап жатыр":** Балалар ауада қарды ұстап жарысады. **Ұлттық ойын:** **"Күш сынасу":** Қар үстінде бір-бірін сырғыту немесе сүйреу. **Еңбекке баулу:** Ағаш түбін қардан тазалап, құстарға жем салу. **Дербес әрекет:** Балалар табиғаттан шабыт алып, қарға өз ойларын бейнелейді Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру,шығармашылық дағды

	Шығармашылық дағды				
Серуенненоралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскіас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Күндізгіұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **(Музыка ән тыңдау дағдысы)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бауырсақ** ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату **(Көркем әдебиет)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Мысық, әтеш және түлкі** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бесік жырын айту (Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Торғай мен тышқан** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдано яту, сауықтырушаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты**	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты**

	жолдар	созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** **Жұмсақ және қатты жолдар**	жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** **құмды жолдар**	жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** **Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	**жолдар**
Бесінас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Қимылдық ұлттық ойындар** **Мақсаты:** Дене шынықтыруды дамыту, ұлттық дәстүрлермен таныстыру. **Ойындар:** **Тақырыбы "Сақина салу"** Шеңберде отырған балалар арасынан біреуі сақина салушы болады, қалғандары оны табуға тырысады.	**Сюжеттік-рөлдік ойындар** **Мақсаты:** Баланың қиялын, қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік бейімделуін дамыту. **Ойындар:** **Тақырыбы "Отбасы"** Балалар отбасы мүшелерінің рөлін ойнайды (ана, әке, бала).	**Үстел үсті-баспа ойындары** **Мақсаты:** Баланың логикалық ойлауын және ұсақ моторикасын дамыту. **Ойындар:** **Тақырыбы "Жұмбақ шешу"** Картон карточкаларда жұмбақтар жазылған, балалар оларды шешіп, дұрыс суреттерді табады.	**Кітап оқу** **Мақсаты:** Баланың сөздік қорын байыту және тілдік дағдыларын дамыту. Балалар жеке өздері суреттері бар кітаптарды қарайды. Қызықты қысқа ертегілер немесе әңгімелер оқып беру арқылы балалар өздері жалғастыра алады. **Кітап бұрышы:** Балалар кітаптарды таңдауға еркіндік алады.	«Бақаның қызықты тапсырмалары» (В) Балаларды тапсырмалар орындау арқылы,көкөністер мен мен жемістерді, жануарларды ажыруға, кеңестікті бағдарлай білуге дағдыландыру.
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс**	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-**	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-**	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс**	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-**

	Арнайы түзетуші іс-әрекет **Міндет:** Шығармашылық дағдыларды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Дөңгелек, ұзын пішінді заттарды суретке салады	**әрекет** **Міндет:** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** Балалар есімін атағанда қол көтеріп жауап береді, өзін айнадан таниды	**әрекет** **Міндет:** Қимыл дағдыларын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ойын барысында ересек бақылауымен жүгіру, еңбектеу	**Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Сөйлеуді дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар кейбір дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға жаттығады	**әрекет** **Міндет:** Танымдық-зияткерлік дағдыларды жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ересек үлгісіне сүйеніп қарапайым тапсырмалар орындайды
Серуенгедайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	**Серуен картотекасы №16** Ағаш діңі мен бұтақтар. **Ойын:** «Ағашқа сүйенейік» **Барысы:** Балалар ағашты сипап көреді. **Заттық әрекет:** Қарау, тигізу, сипаттау (“тегіс”, “суық”). **Еңбек:** Бұтақ түбіндегі қарды тазалау. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №17** Табандағы іздер. **Ойын:** «Ізбен жүр!» **Барысы:** Тәрбиеші із қалдырады, балалар сол ізбен жүреді. **Қимыл:** Тепе-теңдік сақтау. **Эксперимент:** Ізді қар басқанда жоғалып кетуін бақылау. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №18** Адам мен жануарлардың ізі. **Ойын:** «Кімнің ізі?» **Барысы:** Балалар ізі бар суреттерден таңдайды. **Заттық әрекет:** Суреттен тану. **Тіл дамыту:** Із, аң, қар, қоян. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №19** Қар еріген кездегі су. **Эксперимент:** Қарды ыдысқа салып, жылы бөлмеге кіргізу. **Ойын:** «Қардан су болады» **Барысы:** Балалар қолмен қарды сығады, судың пайда болуын көреді. **Экология:** Суды ысырап етпеу. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Серуен картотекасы №20** **Ойын:** «Машинаны итер!» **Барысы:** Балалар ойын көліктерін итеріп, қар үстінде жүргізеді. **Заттық әрекет:** Машинаны итеру, дөңгелегін айналдыру. **Тіл дамыту:** Машина, дөңгелек, жол. **Еңбек:** Ойыншықтарды жинау. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен

	үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**
Кешкі ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**"Құмды зерттеу"** **Мақсаты:** Балаларды құрғақ және дымқыл құмның айырмашылығын зерттеуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар құрғақ құммен ойнап, оның төгілуін бақылап көреді. Дымқыл құммен түрлі фигураларды қалыптастырады. **Зерттеушілік дағдыларды дамыту**	**"Серке тарту"** **Мақсаты:** Топтық жұмысқа және күшті дамыту. **Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлініп, ортасында «серке» (жастық) болады. Әр топтың міндеті – «серкені» өз жағына тарту. **Ұлттық құндылықты дамыту**	**"Таза орман"** **Мақсаты:** Қоқысты дұрыс сұрыптауды үйрету. **Ойын барысы:** Алаңға «орман» (ойыншық жануарлар мен ағаштар) жасалады, жан-жағына қоқыстар шашылады. Балалар қоқысты жинап, қағаз, пластик және әйнекке бөледі. **Экологиялық мәдениетті дамыту**	**Еңбек ойындары:** **Мақсаты**: Балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыру, еңбек дағдыларын қалыптастыру. **Ойын барысы**: Балаларға қарапайым шаруашылық жұмыстарының үлгілерін көрсету: ойыншықтарды жинау, бақша егу, гүлдерге су құю, жерді қазу, тазалық жұмыстарын жасау. Бұл ойындарда балалар еңбек етуге, жауапкершілік	**Танымдық ойындар:** **Мақсаты**: Балалардың ойлау, есте сақтау, зейін қою және логикалық қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы**: Тақырыптық сұрақтар мен тапсырмалар арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру. Мысалы, геометриялық пішіндермен жұмыс жасау, санақ ойындары, логикалық жұмбақтар шешу.

				алуға үйренеді.	
Балалардыңүйгеқайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу

Әдіскер: **Абсанова.Н**

Тәрбиеші: **Қожақ. А**

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Қаңтар 3-апта
Мад 5-жас
Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі: «Әділ заң - аспан тірегі»

Күнтәртібі	**Дүйсенбі** **19.01.2026**	**Сейсенбі** **20.01.2026**	**Сәрсенбі** **21.01.2026**	**Бейсенбі** **22.01.2026**	**Жұма** **23.01.2026**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. **Медбике тексеруі** **ҚР әнұранын орындау** ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).	Салемдесу Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»**- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу	Әр ата-ана өз үлесін қосу арқылы топтың дамуына көмектесетінін түсіндіру. Ата-аналар бір-біріне қолдау көрсетудің маңызын ұғынады.	**Психологтың кеңесі:** Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Жақсы сөздің бала психологиясына әсері. Ата-аналар жылы сөзді жиі қолдануды әдетке айналдырады.	Бала – айна» қағидасын түсіндіру Ата-аналар өз қылықтарына сын көзбен қарай бастайды.	Үйде бірге ойнау жолдары. Ата-аналар балаларымен ойынды ұйымдастырады.
Балалардың іс-әрекеті	**"Табиғатты қорғау"** **Зерттеу іс-әрекеті:** **Тақырыбы:**	**Өнегелі 15 минут:** **Тақырыбы:** Табиғатты құрметтеу	Адалдық әдіппесі негізінде Тақырыбы: «Әділ болу –	**Қауіпсіздік іс-әрекеті:** **Тақырыбы:** Су қауіпсіздігі	**"Қоқыс жинау"**: Балалар топпен жұмыс істеп, белгіленген аумақтан

(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Қоқысты дұрыс жинау және сұрыптау **Мақсаты:** Балаларды қоқысты дұрыс жинауға және экологиялық таза болуға үйрету. **Іс-әрекет:** Балаларға түрлі қоқыс түрлерін (қағаз, пластик, шыны, металл) көрсету. Әр қоқыс түріне арналған арнайы контейнерлерді таныстыру. Қоқысты сұрыптап жинау тәжірибесін ұйымдастыру.	**Мақсаты:** Балаларға табиғатты құрметтеудің маңыздылығын түсіндіру. **Іс-әрекет:** Қысқы табиғат туралы әңгіме айтып, сурет салу. "Табиғатқа қалай қамқор боламыз?" тақырыбында пікір алмасу. Қаржылық сауаттылық негізінде Тақырыбы: «Жинаған тиын – тапқан байлық» **Міндеті:** Үнемшілдікке баулу. **Іс-әрекет:** «Тиын жинаймыз» ойынында әр бала өз жинағын көрсетеді. **Ойын барысы:** «Кім көп жинады?» **Нәтиже:** Балалар үнемдеу мен еңбектің маңызын түсінеді.	адал болу» **Міндеті:** Адалдық, әділдік ұғымдарын түсіндіру. **Іс-әрекет:** «Шындық пен өтірік» атты мысал тыңдау және талқылау. **Ойын барысы:** «Шыншыл бала» – балалар шынайы және жалған әрекеттерді ажыратады. **Нәтиже:** Балалар адалдықтың маңызын түсінеді.	**Мақсаты:** Балаларды суда қауіпсіз болуға үйрету. **Іс-әрекет:** Суық сумен ойын барысында қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. "Суық су – суық дене" тақырыбында қысқы су қауіпсіздігі туралы әңгіме.	қоқысты жинайды. **"Әжеге көмектесу":** Балалар әжеге көмектесу рөлін ойнайды, мысалы, қоқысты жинау немесе суару.
Таңертенгіжаттығу	**Таңғы жаттығу №11** **Қозғалыс және дене бітімін нығайту** **Қадам жасау:** Қолды белге қойып, бір қадам алға адымдап, артқа оралу. **Аяқпен жүгіріп өту:** Қысқа қашықтықта екі аяқпен жеңіл жүгіру. **Секіру:** Екі аяқпен жерден жоғары секіру, төмен түсіп, оң қолды жоғары көтеру. **Қолды қозғалу:** Аяқтың ұшымен жүру кезінде қолды жоғары	**Таңғы жаттығу №3** **Бастапқы жаттығу:** Терең тыныс алып, қолды жоғары көтеріп-түсіріп, "Күнге қарау" – 3 рет. Денені оңға-солға бұру (аңдарды көреміз) – 4 рет. **Қозғалыс жаттығулары:** "Түлкі қимылы" (жүгіргендей қозғалу) – 5 рет. "Қоян секіреді" (екі аяқпен алға қарай секіру) – 6 рет. **Қол-аяқ қозғалысы:**	**Таңғы жаттығу №13** **Қозғалыс және серпінділік** **Адымдап жүгіру:** Қысқа қашықтықта жылдам адымдап жүгіру. **Секіру:** Бір аяқпен алға секіру, кейін екі аяқпен секіру. **Қолды сермеп қимыл жасау:** Қолды алдыға және артқа сермеп, жылдам қимылдар жасау. **Қозғалысты қайталау:** Бір орында тұрып, бірнеше рет секіріп, кейін жүгіру.	**Таңғы жаттығу №14** **Қимыл үйлесімділігі және ырғақ** **Қолды соғу:** Музыкамен бірге қолды соғу. **Аяқпен ырғақтау:** Аяқпен топыраққа ырғақты соғу. **Қимылдарды қайталау:** Қолмен аяқтың қозғалысын әр түрлі бағытта қайталау. **Қимылды ойын:** Балалармен бірге жеңіл би қимылдарын орындау.	**Таңғы жаттығу №12** **Тепе-теңдік сақтау** **Арқанмен жүру:** Жерге қойылған арқанның үстімен жүру. **Бір аяқпен тұру:** Бір аяқпен 10 секунд тұрып, тепе-теңдікті сақтау. **Тепе-теңдікті сақтау:** Кішкене заттың үстінде (қорапша немесе кіші орындық) жүру. **Секіру:** Екі аяқпен жерге секіріп, тепе-теңдік сақтау.

	көтеру.	"Торғайлар ұшады" (қолды екі жаққа жайып қимылдау) – 6 рет. "Арыстанның қозғалысы" (қолды жоғары көтеріп, аяқта тұру) – 5 рет.			
Таңғыас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Кесте бойынша кезекшілікті орындау** **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сай ҰІӘ	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** Тіл мен ерін жаттығулары **Міндеті:** Артикуляциялық мотрикаңы дамыту **Іс-әрекет барысы:** «Айна» ойыны арқылы тіл, ерін, жаққа арналған жаттығулар жасалады. Балалар тәрбиешінің қимылын қайталайды **Нәтиже:** Балалардың артикуляциялық	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Кедергілер жолы **Міндеті:** Заттар арасымен жүру, жүгіру және тепе-теңдікті сақтауды бекіту **Іс-әрекет барысы:** Балалар томаршалар арасымен жүреді және жеңіл жүгіреді. Арқан үстімен өту кезінде үстіне қойылған затты түсірмей өтуге тырысады. Қозғалыстар ойын түрінде ұйымдастырылады	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Қарсы қозғалыс ойыны **Міндеті:** Қарама-қарсы бағытта қозғалу және кері бұрылу дағдысын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Балалар екі жақтан бір-біріне қарсы қозғалып келеді. Орындықтың ортасына жеткенде кері бұрылып қайтады. «Кім дәл бұрылады?» ойыны арқылы бекітіледі **Нәтиже:**	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Секіру дәлдігі **Міндеті:** Белгіленген жерге дәл секіріп түсу шеберлігін жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Балалар 30 см биіктіктен белгіленген шеңберге секіреді. Әр секіруден кейін өз нәтижесін салыстырады. Қауіпсіздік сақталады **Нәтиже:** Балалар дәл секіруді	**Музыка** **Тақырыбы:** Таза сөйлеу әуені **Міндеті:** Дикцияны дамыту **Іс-әрекет барысы:** Жаңылтпаштар әуенмен айтылады. Балалар сөздерді анық айтып, қимылмен сүйемелдейді **Нәтиже:** Балалар сөздерді анық айтады **Тіл дамыту**

	қимылдары дамиды **Музыка** **Тақырыбы:** Тыныс аламыз – ән айтамыз **Міндеті:** Сөйлеу кезіндегі тыныс алуды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар тыныс алу жаттығуын жасайды. Кейін бір деммен қысқа ән жолдарын айтып көреді. Қимылмен тыныс алу бекітіледі **Нәтиже:** Балалар тыныстыдұрыс қолданады **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөйлемді тап **Міндеті:** Сөйлемнің толық ойды білдіретінін ойын арқылы түсіндіру **Іс-әрекет барысы:** «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны ұйымдастырылады. жеке сөздер мен қысқа сөйлемдерді айту. Балалар сөйлем болса қол шапалақтайды, сөйлем болмаса тыныш отырады. Ойын соңында сөйлемнің сөздерден тұратыны бекітіледі **Нәтиже:** Балалар сөйлем мен жеке сөзді ажыратады	**Нәтиже:** Балалар кедергілерден сенімді өтіп, тепе-теңдігін сақтайды **Тіл дамыту** **Тақырыбы:** Сюжетті әңгіме **Міндеті:** Байланыстырып сөйлеу және шығармашылықпен сөйлеу әрекетін дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар сюжетті суреттерді қарап, оқиғаның басы, ортасы, соңы бойынша шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгіме құрастырады. Сөздерді дәл және дұрыс қолдануға назар аударылады **Нәтиже:** Балалар өзара байланысты бірізді сюжет құрастырып, ойын толық жеткізе алады **Математика негізі** **Тақырыбы:** Нешінші орында **Міндеті:** Реттік санды қолдануға үйрету **Іс-әрекет барысы:** Заттар қатарға қойылады. Балалар «бірінші, екінші, үшінші» деп атап, «Нешінші?» сұрағына жауап береді **Нәтиже:** Балалар реттік санды қолданады	Балалар қарсы қозғалысты үйлесімді орындайды **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Рөлде ойнаймыз **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға баулу **Іс-әрекет барысы:** Ертегі қысқартылған түрде сахналанады. Балалар рөлдерді таңдап алады. Әр бала өз рөлін қимыл, мимика, дауыс арқылы орындауға тырысады **Нәтиже:** Балалар рөлде ойнауға белсенді қатысады **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөйлемді бөлшектейік **Міндеті:** Жай сөйлемді сөздерге бөлу дағдысын қалыптастыру **Іс-әрекет барысы:** «Шапалақпен бөл» ойыны ойнатылады. Тәрбиеші сөйлем айтады, балалар әр сөзге бір рет шапалақтайды. Кейін балалар өздері сөйлем ойлап табады **Нәтиже:** Балалар сөйлемді сөздерге бөле алады **Қазақ тілі** **Тақырыбы:**	сенімді орындайды **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Мен – актермін **Міндеті:** Қойылымдағы рөлін дербес, мәнерлі орындауға үйрету **Іс-әрекет барысы:** «Шағын театр» ойыны өткізіледі. Балалар қойылымды толық орындайды. Тәрбиеші тек бағыт беруші болады. Қойылым соңында кейіпкерлердің әрекеті талқыланады **Нәтиже:** Балалар өз рөлін дербес, мәнерлі орындап, сахналық мәдениетті сақтайды **Математика негізі** **Тақырыбы:** Қанша бар **Міндеті:** Заттардың санын анықтап, «Қанша?» сұрағына жауап беру **Іс-әрекет барысы:** Балалар ойыншықтарды санап, санын айтады. Тәрбиеші санау ретіне назар аудартады **Нәтиже:** Балалар заттардың санын дұрыс анықтайды **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Тақырыбы:** Дыбыстарды салыстырамыз **Міндеті:** Айтылуы ұқсас н және ң дыбыстарын салыстырып, дұрыс айту дағдысын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Артикуляциялық жаттығулар орындалады. Балалар н және ң дыбыстары бар сөздерді салыстырып айтады. Дыбысты анық айтуға бағытталған сөздік ойындар ұйымдастырылады **Нәтиже:** Балалар н және ң дыбыстарын ажыратып, анық айтады **Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Бірінші кім **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздердің ретін ойын арқылы анықтау **Іс-әрекет барысы:** «Тірі сөйлем» ойыны. Әр бала бір сөз болады. Балалар өз орындарын тауып, сөйлемді дұрыс ретпен құрайды. Бірінші және соңғы сөз анықталады **Нәтиже:** Балалар сөйлемдегі сөздердің ретін сақтайды **Сурет салу,**

